


Алдажар ӘБІЛОВ
Орынбек АСЫЛБАЕВ

Зауал



**Алдажар Эбілов
Орынбек Асылбаев**

ЗАУАЛ

**Алматы
“Қаламгер-ТЕН”
2006**

ББК 84 Қаз 7-44

Ә 20

**Пікір жазған: Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
ақын Мұхамеджан Нұрханов**

Әбілов А., Асылбаев О.

**Ә 20 Зауал. - Алматы: «Қаламгер-ТЕН», - 2006 жыл,
176 бет.**

ISBN 9965-9302-9-5

Жинаққа авторлардың «Зауал» атты повесі мен «Алаяқ» атты хикаясы енген. Бірімен-бірі сабактас, бірімен-бірі өзектес көрінетін екі шығармада да шытырман оқиғалар баяндалады. Тергеу ісінің нәзік қырларын аша жазылған бұл шығармаларда 1990 жылдардағы өмір шындығы көркем бейнеленген. Жинақ қалың оқырман қауымға арналған.

ISBN 9965-752-16-8

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-9302-9-5

Ә 4702250201

00(05)-06

ISBN 9965-9302-9-5

ISBN 9965-752-16-8 (ТОО «Ғасыр-Ш»)

© Әбілов А. - 2006.

Ерекше тапсырма

Бектің Қарағандыдағы жоғары милиция мектебін бітіріп келіп, қызметке орналасқанына бір - екі ай ғана уақыт болып еді. Облыстық ішкі істер басқармасы бастығының тергеу жөніндегі орынбасары шақырып жатыр деген кезде жас тергеушігे әуелі келген ой «Апыр - ай, кешегі отырысымызды бастықтар есітіп қалды ма екен?» болды. Кеше жұмыстан кейін бөлімдегілер: «Лейтенанттық шенінді, жақында өмірге келген тұңғыш ұлынды, қызметке орналасуынды, алғашқы айлық алғанынды той жасап атап өту керек. Бұл - үлкен той. Бір той емес – ау, төрт той ғой. Әзірге қыздарға шампан, жігіттерге тазасынан үш – төрт бөтелкемен жуу керек» - дегесін бөлімге оны – мұны әкеп, жуудың ырымын жасаған болатын.

Басқарма бастығының орынбасары әскери тәртіппен келгенін баян еткен жас тергеушінің жүзіне зер сала қарады. Көп жылдарын тергеу қызметіне арнаған, небір күрмеуі қын құрделі істерді ашуымен аты шыққан полковниктің ойлы көзқарасы мұны еріксіз манағы ойға жетелей берді. Не істеу керек? Неге екенін өзі де білмейді, қиналған сәттерде бірден марқұм әкесі еске түсіп, қай кезде де санасында әкесі мен өзінің ішкі үні ақылдасып, кенесіп жатқандай болатын. Бұл жолы да әке бейнесі санасында жалт етті, көп жыл Қазақстанның солтүстік облыстарында аудандық сот тәрағасы қызметін атқарып, зейнет жасына жақындағанда елге оралған әкесі үнемі айтып отыратын : «Балам, өтіріктің үлкен – кішісі болмайды, Бір рет өтірік айттың ба, енді сен өтірікшісің, ол ауылдан үзап кету қын» деген сөз еске түсті де, «мойындау керек» деген шешімге тоқтады. Осының бәрі көп болса, бір – екі минут уақыттың ішінде өткен шығар,

алайда бұл оған шет – шегі жоқ сағаттардай сезілді.

-Қарағым, бері... Жақынырақ кел... Өзіңе ынғайлышақ орналас...

Әуелгіде осы сөзді шынымен – ақ әдетте өте қатал, сұсты көрінетін полковник айтты ма, әлде басқа біреу айтты ма деген ой қабаттаса кеткенмен, кең кабинет ішінде бастықтан басқа ешкім жоқ екенін кіріп келе жатқанда – ақ аңғарған ол жылы сөзге кәдімгідей көтеріліп қалды.

- Қызмет, жұмыс барысы қалай?

- Жақсы..., жолдас полковник.

- Қарап жатқан ісің бар ма?

- Жоқ, жолдас полковник. Ұрлыққа байланысты екі істі кеше бітіріп, сотқа жолдадым.

- Дұр – рыс... Осы сенің туып - өскен жерің – Жаңақорған ауданығой, ә?

- Дәл солай, жолдас полковник.

- Иә... иә... басқа уақытта дұрыс шығар, бірақ әңгімелесіп отырғанымызда сен «жолдас полковник» дегенді қайталай берме.

- Құп, жолдас полковник, қайталай бермеймін.

Полковник мырс етіп күліп жіберді.

- Қайталамаймын дейсің де, қайталайсың, ә?! Мейлі... Басқа республикада туғанмен, мен де Жаңақорған ауданында өскенмін. Мәселе мұнда емес, адамдар арасындағы жақындық, туыстық, достық дегендер олардың туып - өскен жеріне, ауылы мен аудандарына қатысты емес, менің ойымша, ол - көзқарастардың, түсінік, пайымдардың жақындығына, сенім мен адалдыққа байланысты болады. Оны сұрап отырғаным - саған Жаңақорған ауданына байланысты бір істі тапсырмақпын. Құжаттарыңа қарап отырсам, тек өзіңнің туған ауылың болмаса, Жаңақорғаның басқа ауылдары сені тани қоймайтын сияқты. Эскерде екі жыл, одан кейін оқуда тәрт жыл... иә, елде көп болмасың. Бұл жақсы, әрине іс барысы үшін.

Ім-м.. Менің жұмысқа жаңа келген мамандармен пікірлескім, сөйлескім келгенмен, оған уақыт бола бермейтіні қыын. Бұл енді өкінішті, әрине... Ал сенімен кездесуіміз, бүгінгі әңгімелесуіміз – тағдыр. Сенімен сөйлесіп отырғаным, былтыр практикадан өткенінде өзіміздің саланың бір азаматтары саған қатысты теріс пікір айтып еді. Мен ойланып қалғам.

Иә...иә... Сен ГОВД - да практикадан өтіп жүргенінде адам жетпей, Жаңақорғанда болған қылмысқа қатысты қосымша көмек ретінде барған жігіттердің ішінде болыпсың. Сол жерде қылмысқа қатысты өз ойынды айтқан екенсің, соныңды дұрыс емес деп табушылар «Не болса соған араласады, қылмыстық істі жүргізуден хабары аз, тергеуге жолатуға болмайды» деген сияқтыларды жеткізген болатын. Сол өзің білетін былтырғы іс ДТП ретінде соттан өтіп, айыпты сотталып кетті. Бірақ, өлгөн баланың шешесі арызданып, облыс басшыларында болған, маған тағы келіп кетті. Бала қазасы – қасақана жасалған қылмыс, айыпты жазаланбай кете бере ме? – дейді. Онымен өткен әңгімелесу – маған көп нәрсені қайта қарауды қажет етіп отыр. Байқаймын, аудандағы біздің жігіттер бір нәрсені жасыратын сияқты. Неге? Не үшін? Біреулер қысым жасап отыр ма? Неге әділеттіліктен алыс кетіп отыр? Жазықсыз біреудің сотталуы қалай? Сұрақ көп, жауап жоқ. Сосын, сен есіме түсіп, сол жерде болған тәжірибелі жігіттердің пікірлерін жеке – жеке сұрастырып едім, саған қатысты айтылған сөздің жалған екенін түсіндім. Мүмкін әдейі айтылуы. Егер олай болса, онда сен шындыққа жақын барғансың, кейбіреулер қауіптеніп ерте қамшылаған, яғни, «қорыққан бұрын жұдырықтайдының» кері келген.

Енді іс екеуіміздің мойнымызда болады. Сен арызды тексеруші ретінде жұмыс жасауың керек. Жалпы алғанда тергеуші деген тартысқа кіре де білуі керек, сосын одан шыға да білуі керек... Солай... Соттан материалдар танысу үшін

әкелінеді. Барлық жұмыс құпия болады, жағдайды тек маған ғана баяндайсың, тек маған ғана бағынасың. Бұл шаруа генералмен келісілді. Аудандағылар сенің бұл іспен жүргеніңді білмеуі керек, қыдырып жүрген боласың. Не қажеттілік туады, маған хабарласасың, РОВД - мен басқалар байланыста болады. Түсінікті ме? Бөлім бастығына өзім айтам, кездесіп қалып, сұрап жатса: «Түркістан базарына байланысты оқиғаға жіберді» дерсің.

Қазір істі осында әкеледі, екеулеп қарап шығамыз, өте қажет болса көшірме жасармыз, ксероксті кабинетке алдыртып қойдым. Түстен кейін арызданушы әйелмен «Ескі базарда» кездесесің, менің жүргізушім кездестіреді. Сосын, мынаны ескер - қамкөніл жан ғой, абайлап сөйлесу керек. Бұл кездесу де құпия болғаны жөн. Сақтық шараларын жасау керектігі туралы әйелге де ескертіп қойдым. Ал, іске сәт.

ПМН
БПД
РСОН
ЛЖН
НІМ

||

Шындық іздеген ана

МАТЖА Бір замандардағы орыс және шетел саяхатшылары мен зерттеушілерінің еңбектерінде табиғаты да, тіршілігі де ерекше өнір ретінде суреттелетін, «жолбарыстың отаны» деп бағаланған Сыр өніріндегі Ақмешіт қаласының тымырсық ауасы қыс түскеніне қарамастан, мүмкіндігін жіберіп алған ойыншыдай ерегісе өкпені қысады. Кеше жауған қар еріп, көшө лайсаң, жеңіл бу көтеріліп, жаз айларын, өзінің үстемдік құрған кезін аңсаған тымырсықты қолтығынан сүйеп, дем беріп тұрғандай. Не қыс емес, не жаз емес, әрі – сәрі, қолайсыздау кез болса да базарда да, көшеде де адам көп. Диктофонын іске қосқан Бек «Ескі базар» маңындағы жалға алынған пәтерде жасы қырықтардағы қара торы әйелмен әңгімелесуде. Әңгімелесу деген тек аты демесек, әңгімені айтушы да, сұрақ қоюшы да әйел, Бек тыңдаушы ғана болып

отыр.

Менің жайымды бастығынан білетін шығарсың, іспен танысып па едің? Ойбай – ау, оның несін сұрап отырмың, таныспасаң бұл жерде отырасың ба. Айналайын, жүзің жылы бала екенсің... Қай жерденмін дедің? У...уң, оның маған не керегі бар десейші, алжып кетпесем болар еді. Шырағым, былтыр « Жемісті» ауылында машина басып, қайтыс болатын бала менің сүт кенжем болатын. Осыған көрінді ме, өзі басқа балаларымдай емес, пысық, алғыр болып өсіп келе жатыр еді. Алтыншы класқа дейін бір төрт алып көрген жоқ еді – ау, құлыным, қайтейін. Құдай – ай... қайтейін енді... қайтейін, есіме түсіп кетсе, ішім жанып кете жаздайды – ау.

Оны қолдан өлтіріп отыр ғой. Сосын, жазығы жоқ бір бейшараны соттатып жіберді. Бұл өзі кинода айтатын мафия сияқты, ылғи бастықтардың былдығы. Мен қанша шырылдасам да, ешкім тыңдамады ғой, тіпті мені есі ауысқан деп, жындыханаға жібермекші де болды. Ал ана сотталып кеткен қасқаның бұған еш қатысы жоқ, нақақ қүйіп отыр. Оның әйелі де бір бейшара, бала тапқаннан басқаны білмейтін. Оның үстіне байы ішкіш болды да, күн көрсетпей, миын айналдырып жіберген ғой сорлының. Қазір қайта байынан құтылғанына қуанып жүрген көрінеді, оның үстіне ай сайын белгісіз біреулер үйлеріне малдың, құстың етін бір қап қылышп тастанап кетеді дейді білетіндер, өтірік – шынын кім білген? У...уң...

Әлгі ботамды айтам – ау, алтыншы кластың қектемгі каникулында көрші ауылға, жиеніміздікіне қыдырып кетіп еді. Бұлай боларын кім білген. Жиен келін айтады – ау жылап отырып :« Кенжетай көшеге велосипед теуіп қайтайын - деп кеткен еді, бір кезде ентігіп жетті. «Не болды?» - дегенімізше болған жоқ, «Тәте, мен ауылға қайттым» - деді де жүгіре шығып, жүргелі тұрған автобусқа мінді де кетті» дейді. Остановка да тұп – тура үйлерінің алдында еді. Осы тегін жүгіріс емес қой... А...а? Айтшы өзің? Тегін емес... тегін емес, ішім сезеді. Негізі ол біреулердің қылмысын көрген, кісі өлімі

болуы да мүмкін. Шошынып, бірден ауылға қашып тұрғой, бұрын ондайды көрмеген бала. Ал мұнда келгесін автобустан түсіп, үйге қарай бұрылатын жерге келгенде артынан машина келіп қағып тұр. Төтенше бірдеңе болмаса ол ақ пен қызылдың арасында соңғы автобусқа мінбес еді ғой, жарығым.

Ботамды өлтірген қанішерлердің еркіндікте талтаңдал жүргенін ойласам, күйіп кетем... Құдай да жазасын берер... Зауалы алладан болсын қанішердің... Қашан бір жағына шыққанша тоқтамаймын енді... тіпті, президентке дейін барам... Қайтейін... ботам – ау... Мұның анық – қанығына жетпей, жауыздарды құртпай қалай тынармын... Түсіме кіреді... мамалап жүр... Ботам...

Ауылына қыдырып барып қалуы мүмкін екенін айтқан Бекке Набат апай:

- Шырағым, менен қорықпа. Күйеуімнің де қак – соқпен жұмысы жоқ... Момын адам, сосын ғой менің жүгіріп жүргенім... Бәрін Темірболат бастығың ескертті. Қыдырып жүрген құда бала – деп айтам ғой. Қазір сакращениеге түсіп, бос отырғаным болмаса, институт бітіргенмін, мектепте жиырма жыл мұғалім болған адаммын, жұмыстарынды түсінемін, - деді.

«Байқамай сөйлеп, ренжітіп алдым ба» деген оймен қысылыңқырап қалған Бек онымен қош айтысты да, дария жағасына бетtedі.

Сан түрлі ойлар жетегінде Сырға да жетті. Мұз қатпаған, лай су қоймалжың тарта, иірім жасай ағады. Бейне дәл осындай өмірдегі иірімдерден, қоймалжың лай сияқты адамдардан сақтан - деп тұрғандай. Бірақ, ол сол сәтте кейін, біраз жылдардан соң тіршілік атаулыны иіріміне жұта, лайланып жататын адамдарға сан рет кездесерін, тіпті өзінің де сол иірімдердің біріне жұтылып кете жаздайтын кезі боларын сезбеген еді.

Бұгінгі өзі көрген құжаттар, қайғыдан қара жамылып,

жүрегіне шер толған әйел айтқан әңгімелер, былтыр практикант кезінде өзі көрген жағдайлар көз алдынан кезектесе өтіп, сапырылышқан ойдың ұшына шыға алмады.

Манағы әйел сөзінің жаны бар – ау, былтыр оқиға орнын өзі де көрген, машина жолдан шығып, үй жанымен кетіп бара жатқан баланы басып кеткен де, қайтадан асфальтқа шығып ізін жасырған. Егер кісі өлімі асфальт жолдың жиегінде болса, онда қателік, кездейсоқтық дер едік. Асфальт жол мен баланы басқан жердің арасы бес жарым метрдей. Яғни, кездейсоқтық емес. Бұл өз пікірін сол кезде де айтқан еді. Онысы өзіне бәле бол жабыса жаздалты, оны да бүгін білді. Ал сарашылардың қорытындысы анау. Баланың шашы, қаны сотталатын жігіттің машинасының астынан табылған. Ал, ол жігіт болса: «Маспын, ештеңе білмеймін» - дейді. Түсініксіз. Не болғанда да, ертең Жаңақорған жаққа жүріп кетуі қажет болып тұр – ау, осы. Анықтай түсетін жәйттер де көбейіп барады. Ол бүкіл оқиғаны тағы да бір ой елегінен өткізіп, жұмысты қай бағыттан бастайтынын ақылдасу үшін басқармаға бет алды.

III

Аңдушылар

Күдік тудырмас үшін жақында ғана құрделі жөндеуден шыққан көне ВАЗ – 2106 «Жигули» қызмет автокөлігінің мемлекеттік нөмірін алып тастанап, жеке көліктеге берілетін нөмірмен жүруіне тұра келген Бек МАИ қызметіндегі таныс жігіттер көмегін пайдалануға полковниктің келісімін алды. Оларға да «біреуден машина сатып алып едім, құжаттары әлі реттелмей жатыр. Жаңақорғанға он күн қыдырып баратын едім, жолда кедергі болмаса жақсы болар еді» деп айтуына тұра келді. Фотоаппарат, диктофон, кинокамера және оларға қажетті жабдықтарды, аңшы мылтығы мен дүrbісін машинаға

салды да, сәл ойланған ол сақтық шараларына байланысты келіншегіне де ескерту жасап жолға шықты.

Машинаны орнынан қозғап, екі жүз метрдей жүрмей – ақ бір қолайсыздықты сезгендей болды да, орындықты өз ыңғайына жылжытты. Жоқ, одан емес сияқты. Кең көшеге түсісімен айнаға көзі түсті де, іштей тіксініп қалды. «Мына бір көк «Жигулиді» қайда көрді. Нөмірі 007 ме еken, жақындағат түсейін... нақ өзі. Иә, мана басқарманың алдында көрген еken ғой. Иә, иә, сосын үйінің қасында да көрген тәрізді еді. Тексеріп көрелік». Ол жылдамдықты көбейтіп, жұртшылық «Тесік көпір» атандырып жіберген темір жол астынан өтетін жолға қарай бет түзеді. Жаңа базарды өдейі бір айналған кезінде әлгі машина да ізіне еріп отырды. Осы сәт полковниктің манағы пікірі еске тағы оралды да, іштей: «Беке, дұрыс бағытта екенсің» деп тұжырым жасап та алды. КБИ аталатын мөлтек аудан тұсындағы дүңгіршектен өдейі жұртқа көрсете екі бөтелке арақ алды да, машинаға отырды. Айнадан артқа қарап қояды, енді құдікті машина көзге түспеді.

Машина жүрісі өсерінен өзін сәл бос ұстай бастаған ол Төменарақ стансасының тұсында тұрған МАИ автокөлігін көргенде ғана ойдан арылып, бойын жиып алды. «Е, бұл жерге де автоинспекторлар тұратын болған ба? Бұрын қанша өтіп жүргенде байқалмайтын еді...» Сөйткенше болған жоқ, ала таяқ та селтең етті. Тұсынан өте бере аңғарғаны – олар үшеу еken, біреуі машинада отыр да, екеуі сыртта жүр. Бұлардың автоинспектордан басқа екеуінің милиция қызметіне қатысы да жоқ сияқты. Машинаны тоқтатып, отырып – тұрып дағдылы жаттығуын жасап жатқан мұның жанына қабаттаса екі жігіт келді. Бірі – мұрнының үшінда мені бар, адырақ көз, безеу бет автоинспектор, екіншісі – шашын жылмита тараған, қалқан құлақ жұқалтаң жігіт ағасы.

- Оу, мынау өзіміздің жігіт сияқты ғой. Ал, інішек қызмет құтты болсын! Осы сен жақында тергеушілікке тұрған Бек

емессің бе?

Бұл басын изеді. Мыналардың кездесе кетуі тектен – тек емес – ау. «Сыр берме Бек, өзінді сақ ұста».

Ал ананың аузы жабылар емес.

- Өзім де сезген екенмін. Мен Мырзабай деген ағаңмын, наным да, сәнім де, әнім де осы - трасса. Мына кісі Түркістанда тұратын Ғалым деген туысымыз. Қыдышып келген, енді қайтып бара жатыр. Мына машинаны жақында сатып алғансың ғой шамасы. Дұрыс, Машиналардың құжатын, жағдайын тексеру туралы бұйрық бар, бірақ біз... өзіміз ғой, өзіміз. Ал, бұл не тұрыс, кездесуді жуып жібермейміз бе?

Ол жел жақта, жол шетінде тұрған, бүйіріндегі «Автоинспекция» деген жазуының кей тұсы өшे бастаған көлігіне қарай беттегенде, қасындағысы қосарлана ере кетті.

Иә, манағы ойың дұрыс екен. Бір нәрсе әкелу қажет болса, біреуі бармай ма, анау қабаттасып неғып жүр. Немесе машинада отырғанға айтып жіберсе де болады. Сақ болу керек. Жаңа «Түркістанға қайтып бара жатыр» деп айтып қалды. Егер «Мына кісіні Түркістанға жеткізіп сал» десе, онда бұлардың да андушылар болғаны. Ондай жағдайда Өзгентке бара жатырмын деу керек.

Ол ойын тиянақтап үлгірестен, жел жақтан бірде қүшійе, бірде бәсендей жеткен аналардың күбір – сыбыры құдікті молайта тұсті.

- Ау, мына бәлең сап - сау ғой. Манағылардың екі бөтелке арақ алды дегендері қайда.

- Тырс етпе, оны қазір анықтаймыз.

Міне, екеуі бері жақындалады. Иә, кей нәрселер айқындала бастады. Сірә, манағы көк «Жигулидегілер» мыналармен хабарласып үлгірген болды.

- Ал, інішек, қайсысын қалайтын едің, ақ па, конъяк па, сыра ма?

- Мен мұндайға әуес емес едім.

- Не дейді?

Әлгі екеуі бір – біріне қарады. Тосылып қалғандарын білдіргісі келмеген автоинспектор енді қалжыңға иек артты.

- Беке, қысылмай – ақ қой. Ағаларыңың бір сыйлағаны... Ұлы жолдың үсті... Кездесу дегендей... Все свои... деген. Жаңақорғанның жігіттері өсе берсін... деп...

- Рахмет. Ағалардың алдында ұятқа қалар жай жоқ. Оның үстіне Өзгентке бара жатырмын. Туған ауылға барған бойда үлкен кісілерге сәлем беретін салтымыз бар, мұның исі шығып тұрса масқара ғой.

- Ау, Түркістан ше?

Қалқан құлақ байқамай, айтарын айтып қалды да, тез үнсіз бұрылып кетті. Оның мұнысын анау жуып - шая бастады.

- Ой... Сіз де... Түркістанға машина ағылышп жатқан жоқ па, Беке, мана сенің машинаңың келе жатқанын көріп: «Дәу де болса, осы машина Түркістанға барады – ау» деп бал ашып тұр едім ғой...

Ол кеңкілдей күлді.

- Біздің қызметте осындай да дағды, привычкалар болады. Қой, онда сені бостан - босқа жолдан қалдырмайық. Жолың болсын!

Осылайша олардан құтылған Бек оншақты шақырым ұзағанда барып «уň» деп демін бір – ақ алды. Апыр – ай, мыналар сұмдық қой. Полковник бәрін сезген екен – ау, не дегенмен, көпті көрген тергеудің білгірі емес пе, «әр қадамыңа есеп беріп отыр, аңдушы болуы мүмкін» - деген еді, дәл келуін қарашы. Осы ойлар оны қалада полковниken келіскең бағыттан ауытқуға, яғни Түркістанға барып, көз алдау маневрін жасауға емес, Өзгент бағытына бұрылу қажеттігіне жетелей берді. Енді бағытты өзгерту туралы полковниктің рұқсатын алу керек болды. Әлгілердің не қылған адамдар екенін анықтаймын деп, жоспарлы шарадан ауытқығанын қарашы. Енді басқа амал жоқ. Өз әрекетін тағы

бір ақылға сала талдап, жұмыс бағытын іштей пысықтаған отырған кезінде Жаңақорған да көрінді.

IY

Бала айтқан сыр

Оқиға болған жерді тағы көріп шықты. Былтырған практика кезіндегі көріністің бәрін көз алдына келтіре отырып, қағаз бетіне түсірді, еш нәрсені ұмыт қалдырмауға тырысты. Тіпті мүрде жатқан орынның сыйбасын да жады бойынша қайта сызып шықты, үймен, жолмен ара қашықтықтарын көрсетті. Жұртқа байқатпай, елеусіз жұмыс істегеніне бүгін екінші күн. Әзірге қолға ілінген дәнене жоқ, Бұлар бұрынғы жоспарларына аздал өзгеріс енгізген болатын, Бектің аңдуда еkenін білген полковник Набаттың үйіне жатпақ түгіл, ол үйдің маңайынан жұруге тиым салды. Сосын Набат өздеріне алыс бір жамағайын боп келетін жалғыз баласы бар кемпір мен шал туралы айтқан еді. Бек олар туралы толық мәлімет алғаннан кейін, әлгі жігітпен кездейсоқ танысқан адам болып көрінуі қажет болғандықтан, оны Түркістан қаласындағы орталық базарда күтті.

Түркістан базарына құс, аң еттері мен балық апарып сататын Бауыржан саудасын бітіріп, ақшасын ала берген кезде өзінен құжаттарын талап еткен екі милиционердің қай жағынан келіп қалғанын аңғармай да қалды. «Әншиінде қаншама халық, қаншама айқай, у – шу болса да төнірегін бақылап тұратын, бұл жолы неғып құдай алжастырғанын, енді бітті, құтылып көр». Ол осылайша қатты қиналып тұрған кезде жауырынды, денелі келген ақсары ірі жігіт келді де, әлгілермен тез – ак тіл табысып, мұны құтқарып алғаны. Ал, енді құдайдың құдіретіне сенбей көр. Содан бұл ол жігітті кафеге шақырды .

Бұл Бек еді. Ал Бауыржан мұның әдейі үйымдаған

тырылғанынан бейхабар, қонақ болып, қыдыруға ауылына шақырды. Екеуі құрдас болып шықты. Әлі үйленбекен бойдақ жігіт «қысқа жіптің күрмеуге келмей жүргенін» айтты. Бірнеше рет оқуға барған екен, жолы болмапты, заңгерліктен басқа мамандыққа жолағысы жоқ Бауыржан мұның тергеуші екенін білгенде тіпті қуанып кетті. Базарға қатысты бір іспен жүргенін айтқан кезде, көмек керек болса өзінің дайын екенін де сездіріп өтті.

- Бауке, мен де балыққа, аңға құмармын. Сосын жалғыз аулағанды ұннатамын. Мына жұмыс та шаршатты, бір аптаға ауылыңа тартып кетуге де болар еді, бірақ, біріншіден – сені құнделікті жасап отырған тіршілігіңен қалдырамын, екіншіден – ауылға милиция келгенін білсе, жұрт қарап отыра ма, түрлі – түрлі өсек гүілдейді ғой.

- Оның рас.

Бауыржан біршама ойланып барып жауап берді:

- Беке, мен саған өзімді қарыздармын деп есептеймін, мана сен болмағанда әлгілер мені қанша сандалтатын еді, үш – төрт айлық тапқаныңмен құтылсаң жақсы ғой... Құрысыншы... Былай істейік. Сен шын шаршап жүрсөң, біздің ауылға тартып кетеміз, мен сені Алматыдағы жолдасым деймін, милициядан екенінді ешкімге айтуға болмайды, онда мені бір бәлеге ұрынған ғой - деп жүрер ауыл. Мен өз тіршілігіммен болайын, ал сен алаңдамай демал.

Сол күні кешке Бектің машинасы Бауыржанның көп мінілсе де, бап қүйінен айрылмаған үш дәңгелекті «Урал» мотоциклінің ізінен ере «Жемісті» ауылындағы шеткі үйлердің бірінің ауласына кіріп тоқтаған болатын. Жасы ұлғайған зейнет жасындағы екі қария мұның келгеніне тіпті қуанып қалды, жөн сұрасқаннан кейін: «Мына құрдасыңды аяқтандыр» дегенді де айтып қалды.

Бауыржан күн шыға кеткеннен кейде таң ата, кейде түн ортасы ауа оралады, мұны мазалап жатқан ешкім жоқ. Жексенбі болғасын Бек бүгін күн көтеріле ауылдан бір

шақырым жердегі канал басына келіп, қармақ салды да, атқарылған істерді іштей сараптап, талдай бастады. Мұнда келген мақсаты да - осы, әрі демалу, әрі оңаша отырып іс бағытын нақтылау. Қасында оны – мұны салған сумкасы. Бір кезде ауыл жақтан шұбыра жеткен бес – алты ойын баласы да бұдан он шақты метрдей әрі барып, қармақ лақтырды. Көп уақыт өтпеді, әлгілер бүкіл қармақты он жасар тәмпіш танаудың қолына ұстатты да, мұның қасына жиналды. Сөз бастаушы осы топтың «атаманы» - Еркін.

- Аға, Сіз Бауыржан көкенің другісіз ғой, атыңыз – Бек қой, иә?

- Иә.

- Эне... айттым ғой мен... Алматыдан келдіңіз, иә ма?

- Иә .

- Эне... көрдің ғой, мен айттым емес пе ... Сендер сенбей...

- Аға, сіз каратиссіз ғой, иә?

Бектің Еркінді мақұлдай бергісі келді. Неге еkenін өзі де білмейді, балалардың әңгімелері мұны қызықтыра бастады.

- Иә.

- Э - не... көрдіңдер ғой. Мен де ертең Бек ағадай боламын.

- Жарыл, мақтанғанда алдыңа жан салмасың белгілі ғой.

Тыртық бет тәпелтек қараның осыны айтуы мұн еken, Еркін екеуі алыса кетті, бойы аласалығына қарамай анаутым шақар еken, берісер емес. Сол жерде алысқан екеуін бүкіл бала қаумалай, бірі «төреші», бірі «жанкүйер» болып шыға келді. Алыс ұстіндегі екеу көйлектері мен жұн тоқыма жемпірлерінің, курткаларының жоғары жиырылып кетіп, бел мен арқаның кейде ашық қалғанын да сезер емес. Ақыры «катаман» жеңіп тынды. Канал жиегінің бірталай балшығы үстеріне жабысқанын елең қылар бірі жоқ, үлкен бір жұмысты тындырғандай мұның жанына келіп, қисая - қисая кетті.

Қармақтар болса қозғалар емес, тәмпіш танаудың да көзі балаларда, қармақтардың сабын жинап, табанға басып, жүрелей отырған күйде құлкіге қарық бол қалыпты. Енді тәпелтек қара тілге ерік берген.

- Екі жас үлкен болып тұрғаның ғой... әйтпесе...
- Әйтпесе не істер ең, а?
- Өй... маңқа, кеше Кенжетай тірі кездे к... қысып жүретін едің ғой. Бүгін құтыруын қараши...

Бек елең ете қалды. Тергеушіге тән ішкі түйсік « осы тұстан айрылып қалма» дегендей болды да, әңгімеге араласты. Үнемі қалтасында жүретін диктофонды балаларға байқатпай іске қосты.

- Кенжетай деген кім?
- Е. Ол біздің кластың баласы ғой.

Еркін сөзін сылбырлау бастағанмен, «Әңгімені басқалар айтып қойса беделден айрылып қалармын» деді ме, ары қарай тездете баяндай жөнелді:

- Бұрынғы біздің атаманымыз. Былтыр машина басып кетті. Мен де сол күні кешкісін Кенжетай келе жатқан көшенің қарсы бетінде келе жатыр едім, бір тентівый «Уаз» зымырап келіп басты да, көшеге түсіп алып, лезде жоқ болды. Адамдар у – шу болып үймелеп қалғасын мен де барсам, үлкендер шошисың деп жолатпады. Бірақ адамдардың ара – арасынан сығалап қарадым, етпетінен құлапты...

- Мүмкін, сен аңғармай қалған шығарсың, тентті емес, бортты, не темір кузовті «Уаз» шығар?

Бек бейне ешнәрсеге мән бермеген адамдай айта салғанмен, ойында баланы басқан машинаны нақтылап алу тұр еді. Сұрақ нысанаға дөп тиді.

- Мен бе аңғармаған... Мына екі көзіммен көрдім ғой, тентівый «Уаз». Тіпті артқы жағындағы әйнегі де жоқ, сплашной тент.

- Мүмкін, етпетінен емес, шалқалай құлаған шығар. Балалар шу етіп құліп жіберді, анау қызыарандап, намыстанип

қалды.

- Етпетінен... Мен көрдім деп тұрмын ғой... Топ – тошно, етпетінен жатты. өллаңи, біллаңи!

Бек ізге апарар жілтің ұшын ұстағанын сезді. Біраздан соң қармағын иығына салып үйге беттегенде, күн сәске түс болғанын сездіре, қыс күшті ме, мен күштімін бе дегендей жерге бар шуағын төгіп тұр еді.

Y

Құпия кеңес

Ақмешіттен Шымкентке қарай шыға берістегі темір жол үстінен салынған айналма көпірден өте машиналар тоқтауына арналған орында «Тойота Скорф» джипінің тұрғанына ширек сағат болды. Терезелері күңгірттенген қымбат машинаның тұрысы сұсты, «Мен бұл жерде босқа тұрған жоқпын» деп табиғат - анаға сұс көрсететіндей. Сәлден соң машинаның алдыңғы есігінің терезесі сырғи ашылды. Терзенің ашылуының өзі де сес танытса, одан лақтырылып, анадай жерге домалай ұшқан шетелдік сыра қалбырлары да, ашылған терезеден көрінген ақ көйлектінің көзіндегі қара көзілдірік пен мұрын астындағы қара мұрты да мына әлемге әмір жүргізгісі келетіндердің ауылынанбыз деп тұрғандай. Сес көрсете ашылған терезе, зіл көрсете қайта жабылды.

Машинада отырғандардың бірі - әлгінде ашылған терезеден көрінетін ақ көйлекті, қара көзілдірікті, қара мұрты жігіт ағасы. Осы облыстағы қолында құзырлы мөрі бар санаулы мекеменің бірінің саралаудан өткен сенімді қызметкерлерінің бірі. Машина рөліндегі көзінің алды үнемі қалталанып жүретін, саусағындағы добалдай алтын жүзігі мен білегіндегі алтын жынжырлы білезікті айналдыра қарап отыруды әдетке айналдырған азамат – белгілі кәсіпкерлердің бірі. Артқы орындықта шалқая жатқан денелі қара осы

екеуінің және бұдан да басқа толып жатқан қызметкерлердің «ағасы», «рухани жетекшісі». Бұл күнде зейнетке шыққанына қарамастан, облыстағы барлық шарапарды онсыз көзге елестетуге болмайтын «тұнгі обком». Сырттағы тірі пенде естімесі анық болса да, машинадағылар баяу сөйлесуде.

- Ау, мына шал кешікті ғой?
- Келер... Келем десе, келетін адам ғой ол.
- Өзі надежный ма еді?
- Талайды құртқан құтұяқ қой.
- Онда, дұрыс... Дегенмен, бір нәрсені сездіріп қояр болса, баласының қоса кететінін, кеткенде - таза құритынын, соған қоса бүкіл әuletінің жағдайы қындаитынын ескертіп қойған да артық болмайды.
- Ескертіп қойғанбыз. Бұл рөлде отырғанның дауысы.
- Онда, дұрыс. Баласының жайын сендер арқылы есітуім бар. Немерелері бар ма?
- Бар. Шал бір ретте немересінің біреуін милицияға кіргізгісі келетінін айтқан. Сөл бұзықтау деп отырған.
- Кіргізу керек. Біріншіден, орамалын аласың, екіншіден, немересі уысында отырса, шал да, баласы да қайда кетеді. Бұзықтау болса - тіпті жақсы, бірдеңені бұлдірсе - өзіміз араға түсеміз, әрі табыс, әрі ол бала құлың болып шыға келеді. Бұлдірмесе – итермелей қажет, бізге сөл ғана шу болса жетеді ғой. Ал, айтқанға көніңкіремей жүрген соттардың бірінің қызымен қоса алсандар, тіпті керемет, сол арқылы сотты да қолда ұстап отырамыз.
- Гениально! Бұл рөлде отырғанның даусы.
- Қерейік.
- Қөрме, солай істе! Сосын, қазір шалмен өздерің сөйлесесіңдер. Мені таныстырмайсыңдар. Мен тек бақылап отырамын. Жаңақорған жақта жүрген ана жас тергеуші не бітіріпті, соны да сұрандар. Салыстырып қерейік, біздің ҳабармен сәйкес келер ме екен.
- Жақсы.

- Ана сотталып кеткен шофер мәселесі қалай болуда?¹⁸
- Оны смерт қылышп қойдық. Бұл рөлде отырғанның¹⁹
даусы.

- Иә, мына Секендер екі бағытта жұмыс істеді. Түрмен байланыс орнатылды. Егер қажет болса, мерзіміне жыл қоса беретіндегі жағдай жасалды. Көршісіндегі әйелдердің біріне «Жігіттің байланыс жасаған әйелдері туралы» жалған өсекті «лақтырып» едік, қазір бүкіл ауыл құлақтанды, енді қатыны байын көрмеуге бар, оның үстіне аздал көмек те көрсетіп тұрмыз. Проблема шықса – ана өлген баланың шешесінен шыға ма деп отырмыз. Әзірге сырттай бақылап журміз, ешқандай шара қолданған жоқпыз.

- Дұрыс. Ол қатын осындағыларды жағалап жүр. Жүре берсін, не бітіретінін көрейік. Олардың нені анықтағанын білу біз үшін қажет. Егер іс насырға шауып бара жатса, қатынға да, УВД дағы «Шерлок Холмсқа» да, ана тergeушіге де қақпан қоя саламыз. Одан саспаңдар. Тіпті, қазір - ақ бүкіл істі папка-сымен құрта салуға болады. Әзірше жұмыс істей берсін, ау, бұл милиция дегендерің... енді алып отырған ақшаларын ақтасын да, шамалы да болса тер төгіп. Ал, бізге бұл кейін айтуда жақсы – пәленбай рет тексерілген, нәтиже шықпаған іс - деп.

- Оригинально! Бұл рөлде отырғанның даусы.

Осы кезде анадайдан қызыл шамдарын жыптылықтата іске қосқан «Мазда – 626» автокөлігі бұлардың тұсына келгенде жол ережелерін бұза бұрылыш жасап, жолдың келесі бетіне өтіп, өлгі сұсты көліктің жанына тоқтаған еді

VI

Iс бағыты айқындағала бастады

Көлеңке беттегі салқын кабинетте тағы да екеуі тұннің бір уағына дейін отырды. Полковниктің ұсынысымен екеуінің әңгімесін диктофонға жаза отырып, Бек Жаңақорғаннан өзі

анықтаған жәйттерді жазбаша мәлімдемеге көз жүгірте , тағы бірқайталап айтып шықты. Байқап отыrsa, біршама нәрсенің беті ашылатын түрі бар. Ең алдымен жол апатынан қайтыс болған деп есептеліп келген Кенжетай Ерманов әдейі өлтірілген болуы мүмкін. Бұл іске қатысты тергеу теріс бағытта жүргізілген сияқты. Себебі : Кенжетай Ермановты басып өткен деп есептелінген «Уаз – 469» автокөлігінің бұл іске қатысы да болмауы мүмкін. Оқиғаны көзімен көрген Еркін Қуановтың айтуы осыны байқатады, бала шындықты айтуда, машинаны одан басқа көрген адам жоқ, сондықтан оған тек бала деп қана қарамау керек, ең басты куә - деп қарау қажет сияқты.

Иә, былтыр көмекке келгендерінде көше тұрғындарын жағалап сұраған кезде көп адам машинаның «Уаз» автокөлігі екенін айтқанмен, дәл сипаттап бере алмаған болатын, сол кезде мектеп оқушыларынан, көше балаларынан сұрайық деген мұны бастықтардың біреуінің: «Енді қалғаны сол еді. Баланы куә қыла алмаймыз» деп кесіп тастағаны есіне тұсті. «Бала неге куә болмайды?» деп дау айтқанмен және жол мен баланы басқан жердің ара қашықтығына байланысты өз күдігін баян еткенмен, ертеңіне Ақмешітке кері шақырылып алынғандықтан, ол бұл істің қалай жүргізілгенінен хабарсыз болатын – ды.

- Иә... иә, мына істің күрделілене түсетін түрі бар екен. Сонымен, істің бұрынғы бағытындағы кемшіліктерді нақтылайық. Бұл кейінгілер үшін керек.

- Біріншіден, деректер жинақтау кезінде тергеу жалған бағыт ұстанған деп ойлаймын, жолдас полковник. Себебі іске тігілген материалдарда мектеп оқушыларынан да сұрастырылғаны жөнінде құжаттар жүр, бірақ ол балалар ауылдың тіпті басқа жағында тұратындар, яғни оқиғаны көруі мүмкін - деп ойлауға да болмайтындар. Екіншіден, Еркін Қуановтың айтуынша өлген бала әуелгіде етпетінен жатқан, ал ол істе шалқасынан құлаған деп көрсетілген. Куә болғандар

да солай айтқан. Яғни, өліктің алғашқы жатқан күйі анықталмаған, немесе солай әдейі жасалынған. Үшіншіден, экспертиза қорытындысында баланың желкесінде, не қарақұсында жаракат белгісі бар - деп көрсетілмеген, керісінше, мәндайында қатты соққыдан түскен жаракат бары айтылған. Егер бала етпетінен құлаған болса, машинаның астынан табылған қан мен шаш қайдан шығып жүр. Осы түс та күдікті.

- Баланың шалқасынан құлауы мен етпетінен жатуының іске әсері бар деп ойлайсың ба?

Полковник жас әріптесіне сынай қарағандай болды

- Неге болмасын?! Бар... Егер қазаға ұшыраған адам етпетінен жатса, оны артынан қуған, ол қашып келе жатқанда басқан деп жобалауға да болады.

- Дұр – рыс. Полковник жымия құлді, – Екеуіміздің ойымыз бір жерден шықты. Ал өзін қуған машинаны көргенде бала неге көмек сұрап айқайламады? Ім...м...Ия, оған бола басынды қатырмай – ақ қой, қатты қорыққан адамның дауысы шықпай қалатын кезі де болады, байғұс бала бірдеңеден қатты шошынған. Бұл орайда шешесінің айтуы жобаға соғады, не дегенмен ана, әрі педагог қой. Ал етпетінен жатқан адамды ол науқас немесе мас болсын, не жаралы болсын, тіпті өлік болсын аударып, шалқасынан жатқызу – табиғи нәрсе, кім екенін көру, тамырын ұстау және тағы басқалардың барлығы адамдардың шалқасынан жатқан кезінде жасалатыны белгілі, яғни қай кезде де адамды етпетінен жатқызбаған. Иә, ал... милиция келгенде оның шалқасынан жатқаны анық. Сонымен қатар, «Әуеліде қалай жатты?» деген сұраққа олардың «Осылай жатты» деп жауап берері де түсінікті, себебі, «Етпетінен жатты десе, өлікті неге қозғадындар» - деп, милициядағылар басымызға бәле салып жүрер деп ойлайды. Иә... иә... олар әу баста ол әрекетті ойланып істеген жоқ қой...

Сынай Сосын экспертиза қорытындысында денедегі машина

дөңгелегі ізінің әдеттегіден жалпақ екені айтылған...

Осыны айтты да Бек кідіріп қалды.

- Иә... ондай факт бар, мен де неге бұлай болды екен деп ойлағанмын да қойғанмын. Кәні, ойынды үзбе... қалай болуы мүмкін.

- Менікі болжам ғой, жолdas полковник. Бұл - машинаны жүргізушінің баланы басу бойына бұрылуды көздегенін көрсетеді. Әдетте тұзу жүріп келе жатқанда жеңіл машиналардың алдыңғы дөңгелегінің ізін соңғы дөңгелегі басып отырады емес пе. Ал бұрылу жағдайында дөңгелектер ізі бірінің үстінен бірі ондай дәл түспейді, денедегі таңбаның әдеттегіден он сантиметрдей жалпақ көрінуі міне осыдан ғой деп ойлаймын.

- Ім – м... Менің ойыма келменті – ау.

Полковник біраз ойланып отырды да, орнынан тұрып Бектің қасына келді.

- Кәні, Жүсіпұлы қолынды әкел... Ризамын...

Қысыла тұрып қол берген Бекті иығынан басып қайта отырғызыда да, полковник бір – екі жаттығу қымылдарын жасай жүріп, күбірлеп қояды : «Қалай байқамағанмын, ә?»

- Иә... бұл дерек те істі баланың әдейі өлтірілгеніне жақындана түседі дегелі отырсың ғой... Ім... м... Солай ма?

- Дәл солай, жолdas полковник. Экспертиза қорытындысында кеуде тұсынан машинаның басып өткені туралы, маңдайындағы жарақат жайлы сараптама жасалғанмен, баланың белі тұсына қатысты ештеңе айтылмаған.

- Иә, ондайды мен де аңғармаған екенмін. Ім... м... Ал, оған неге мән беріп отырсың? Бұл жерде аса маңызды ешнәрсе көріне қоймайтын сияқты ғой...

Тағы да телефон шыр ете қалды. Бірінен соң бірі мазалай берген соң қалалық телефон мен тікелей байланыс телефондарын желіден мана ажыратып тастаған полковниктің ішкі байланыстық телефонның тұтқасын амалсыз

көтергені түрінен байқалады:

- Тыңдал тұрмын. Иә, полковник Дәуреновпін. Саулығыңызды тілеймін жолдас генерал! Иә, әлі жұмыстамын. Екі күннен соң келемін дейсіз бе? Жақсы.

- Генерал бұлай мазасызданбайтын еді. Ә... Біз бір дәкейлердің тыныштығын бұза бастамасақ болар еді... Енді осы ғой... Ойлануға да, жұмыс істеуге де мұрса бермейді... Бір нәрсенің ізіне енді түсіп келе жатсаң... басқа бір жұмыс тапсырып...

Полковник сабасына әзер түсті.

- Иә... иә, екі күн уақытымыз бар... екі күннен соң облыс, аудандардағы сайлау мәселесімен мен тікелей айналысатын болыптын... Сонымен қай жерге келіп едік...

- Баланың белінде соққы ізінің болмауына ...

- Иә... иә... Ол неге керек?

- Менің ойымша, жолдас полковник, егер машина соққан болса, «Уаз – 469» автокөлігінің алдыңғы буфері баланың белі тұсынан тиеді. Мына оқиғада ондай болмаған, әйтпесе белгі қалуы керек қой. Оның үстіне, мұндай жағдайда машина баланы әуелі соғып құлатады да, машинаның баланы басуы басқаша болар еді. Баланы тұра кесе көлденеңінен, кеудеден баса алмас еді. Соған қарағанда бала қашып келе жатып құлаған, сол жерде маңдайын тасқа қатты соғып алуы мүмкін, сосын жан дәрмен еңбектеп шетке қашпақ болған, міне машина осы кездे басқан болуы керек. Өйткені сараптама қорытындысында қабырға, төс сүйегі, жауырын сынған, жүрек жарылған, әкпе қатты сығылған, өлім – жүрек жарылуынан болған және машина дәңгелегінің ізі арқаға түскен деп көрсетілген. Аяғында, не басқа жерінде таңбаның болмауы осыны көрсететін сияқты. Бұл да баланың әдейі өлтірілгенінің белгісі болмақ.

- Ім... жөн... жөн – ақ, сен бала мені осымен екінші рет ойлануға мәжбүр еттің – ау. Жарай – сын... Осы сенің бітірген мамандығың заңның қай саласы еді?